

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Еліктеу сөздер: Бейнелеуіш сөздер

Дайындаған: Қамбарова Ақмарал

Тобы: ҚТӘ-43

Астана, 2025 жыл



Тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылғы “Тіл құралы” еңбегінде еліктеу сөздерді одағайдың ішінде қарастырып, “еліктеу одағай” деп береді

(А. Байтұрсынұлы, Тіл құрал. 1914 жыл)

1948 жылы А. Ысқақов “Еліктеу сөздер туралы” мақаласында оны одағайдан шығаруды ұсынған. 1954 жылы жеке сөз табы ретінде грамматикаға енді*(Ш. Сарыбаев. Тіл білімінің негіздері)*

Кейбір тілдерде, атап айтқанда, үндіеуропалық және неміс тілдерінде әлі де болса еліктеу сөзі одағайлар құрамында қарастырылып жүр *(Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.: Морфология)*


Ең алғаш Ахмеди Ысқақов екі топқа жіктейді
(Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.: Морфология)

1 Еліктеуіш


2 Бейнелеуіш

Еліктеуіш сөз: сатыр-сұтыр

Бейнелеуіш сөз: жалт-жұлт



Бейнелеуіш сөздер



Бейнелеуіш сөздер - табиғатта кездесетін құбылыстарды көзбен көру қабілеті арқылы туатын түсініктердің аттарын білдіреді
(А. Ысқақов. Қаза тілі: Морфология. 1964)

Мысалы:

**Ырғалып қарға қарқ етті,
Ірімшік аузынан салп етті.**

Ірімшіктің қалай түсіп тұрғанын бейнелеп тұр.

Салп-бір заттың төмен қарай салбырап түсіп кетуін бейнелейтін сөз. ...Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық, 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.


Бейнелеуіштерді қолдану



Ол қыз жай күле салды.

Ол қыз жымың етті.






Аю баяу жүреді.

Аю қорбаң-қорбаң етіп жүреді.





Көгершін қанаты желп етіп ұша жөнелді.

Көгершін ұшқанда жел соққандай
болды.



Бейнелеуіштен жасалған кісі есімдері көркем әдебиетте

— Ал Жылтыңбай дейтіні жем беріп үйреткен соң, жылтыңдап үйге келеді де тұрады. Содан Жылтыңбай атанып кеткен.

К. Қазыбаев “Қышыма” әңгімесі

«Жарқынбек келсе, бәрін дөңгелетеді ғой, әкесінің керегін де әкелер...» – деп Рысты айтқалы жылдар өткен.

Д. Мәлікова “Кие” әңгімесі

Бейнелеуіш сөздер(еліктеуіш сөздер де) зат есім мен етістік жасауға бейім келеді(Ш. Сарыбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері)

Бейнелеуіш сөз	Жұрнақ	Зат есім	Жұрнақ	Етістік
<i>Жылт</i>	<i>-ыл</i>	<i>Жылтыл</i>	<i>-да</i>	<i>Жылтылда</i>
<i>Желп</i>	<i>-іл</i>	<i>Желпіл</i>	<i>-де</i>	<i>Желпілде</i>